

**"Жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су тоғандарының тізбесін бекіту туралы"  
Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2010 жылғы 29 қаңтардағы № 359 қаулысына  
өзгеріс енгізу туралы**

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 35 қаулысы.  
Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 18 наурызда №  
4911 болып тіркелді

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 10-бабының 2-тармағы 3) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабының 2-тармағына сәйкес Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі  
**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су тоғандарының тізбесін бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2010 жылғы 29 қаңтардағы № 359 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 2526, "Дидар" газетінің 2010 жылғы 17 ақпандағы № 23, "Рудный Алтай" газетінің 2010 жылғы 18 ақпандағы № 23 сандарында жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су тоғандарының тізбесінде:

4 бөлім "Жарма ауданы":

14 жол алынып тасталсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шығыс Қазақстан облысының  
әкімі*

*Д. Ахметов*